

«Витагендік оқыту технологиясында» газет мәтіндерімен түрлі жаттығулардың негізінде жұмыс істеу көзделген. Автордың айтуынша, үйренушілер грамматикалық дағдыларын қалыптастырумен бірге, нәтижесінде елімізде болып жатқан саяси, мәдени, экономикалық мәселелер жайында хабардар болады [14, 252-б.]. Сол себепті, тілдік материалдарды өмірмен байланыссыз жүйеде қарастыруға болмайды.

1. Білім және Ғылым. Энциклопедиялық сөздік/ ред. басқ. Ж.Қ.Түймебаев. – Алматы, 2009. – 400 бет.

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ ред. басқ. Жанұзақов Т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 бет.

3. Байжолов Ә. Грамматикалық талдау жұмыстарының кейбір мәселелері. – Алматы. //Қазақстан мектебі. – 1960. - №3.

4. Құрманова Н.Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесінің жүйелік-құрылымдық сипаты және оны талдау жолдары. – Алматы, 2001. – 70 бет.

5. Оразақынова Н.А. Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед. ғылым. д-ры ғылыми дәреж. алу үшін дайындал. дисс. – Алматы, 2007.

6. Көтенбаева Б., Нұрғалиева М. Морфологияны оқытудың методикасы. – Алматы: Мектеп, 1975. – 160 бет.

7. Сүлейменова Ж.Н. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед. ғылым. д-ры ғылыми дәреж. алу үшін дайындал. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 50 бет.

8. Әуелбаев Ш. Қазақ тілі синтаксисі мен пунктуациясын оқытуға арналған құрылымдық схемалар. – Алматы: Мектеп, 1971. – 87 бет.

9. Алдамұратов Ә. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы. – Алматы: Мектеп, 1983. – 52 бет.

10. Ермағанбетова Л. Н. Жай сөйлемді ізгілендіру технологиясы арқылы оқыту әдістемесі (8-сынып) Пед. ғылым. канд. ғылыми дәреж. алу үшін дайындал. дисс. Автореф. – Алматы, 2006. – 25 бет.

11. Ермаков Ә. Грамматикалық талдау. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1958. – 56 бет.

12. Ұйықбаев И.Қ. Синтаксисті оқытқанда орфографияны үйрету жөнінде (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы, 1963.

13. Ұйықбаев И.Қ. Фонетиканы оқыту және озат тәжірибе (инструкциялық-методикалық нұсқаулар). – Алматы, 1965.

14. Әлібаева М. Витагендік оқыту технологиясы арқылы кәсіби қазақ тілін оқытуда қолданылатын жаттығулар//Профессор А.Ысқақов және ұлттық педагогика. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 360 бет.

* * *

Бұл мақалада тілдік талдаудың негізгі шарттары мен заңдылықтары қарастырылады.

В статье рассматриваются закономерности лингвистического анализа казахского языка.

* * *

The article includes linguistic analysis of the kazakh language.

Н. Бұрханова

«ТАҒДЫР» КОНЦЕПТІСІНІҢ РЕПРЕЗЕНТТЕРІ (ЖАС АҚЫНДАРДЫҢ ӨЛЕНДЕРІ БОЙЫНША)

Тіл біліміндегі «концепт» туралы зерттеулер бойынша *концепт* – адамдардың білімі мен тәжірибесін қамтитын таным және ақпараттық құрылымдағы менталдық қордың бірліктерін білдіретін термин. Алайда

«кез келген ұғым, сөз концепт бола бермейді. Концепт болу үшін белгілі бір ұғымға қатысты ұлттың мәдени көрсеткіші болатын тілдік дерек - лексика-семантикалық тақырыптық топ, сондай-ақ, менталдық мінездемені қажет ететін және философиялық мазмұнды, логикалық бағдары бар ұжымдық білім көрсеткішіне негізделген күрделі құрылымды бірлік болу керек». [1. 43]

«Тағдыр» концептісі – бүкіл адамзатқа ортақ, өзіндік мәні бар базалық концептілердің бірінен саналады. «Тағдыр» туралы түсінік

әр адамда әр қилы таным-біліммен қалыптасқан. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл ұғымы қалай беріліп жүр дегенге келсек:

ТАҒДЫР *ар.зат. 1) Діни. Құдіреттің жазуы, жазмыш.* Сүйіп қосылған күйеуім өліп, бақытым күйді, **тағдыр** мені бір емес, аямай екі соқты. (С.Омаров, Куншуақ)

2) Өмір, тұрмыс, тіршілік. Бәтес екеуіміздің ілгері күндері **тағдырымыз** қандай бола-рына көзім жетпейді. (С. Мұқанов, Мөлдір махаббат)

3) Ауысп. Бір нәрсенің жай – күйі, келешегі, болашағы. Бір аудан **тағдырын** ойласақ, «Баянауыл» совхозының біраз жерін егістен босатып тыңайту керек биыл. (З.Шашкин, Сеним) [2.538 – 539б]

«Тағдыр» концептісінің танымдық табиғатын бірден тану қиын. Себебі, тағдыр түсінігі жекелеген адамдарда олардың жасына, жынысына басқа да әлеуметтік жағдайларына байланысты әртүрлі болғандықтан, олардың тілдегі көрінісі де әр түрлі болып келуі заңдылық. Осы орайда, біз қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңба қалдырып жүрген жас ақындардың өлеңдерін қарастырып талададық.

«Тағдыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаттары ақындардың өлеңдерінде әлем суретін танудағы өзіндік қабылдау сезімдері арқылы айшықталған.

Поэтикалық мәтіндердегі «тағдыр» туралы танымды топтап келгенде **«Тағдыр – ол өмір заңдылығы, біз оған көнбесек те, көнсек те бағынамыз. Оны жеңу мүмкін емес...»** деген секілді ойлар жиі көрініс табады.

Тағдыр көп ретте адам еркінен тыс болатын оқиға барысы, түрлі жағдайдың тоғысу салдары, **өмірдің адамның мойнына артқан жүгі** деген секілді түсініктер ретінде танылады. Ал, сол жүкті әркім әрқалай қабылдайды. Біреулер маңдайдағы жүкті көтере алмай жатса, өз өкініші мен өкпесін *Өмірден, тағдырдан* көреді. Мысалы:

Бұл тағдырға не қылдым?! (Назира Бердалы)

Тағдырға мынау не шара... (Ұларбек Дәлейұлы)

Кешегі күнге өкпелеп,

Іштегі жырды төкпелеп,

Тағдырға арыз айттық біз,

Күніміз өтті текке деп. (Алмат Исәділ)

Жылады екен деп бұл тағдыр құлады екен деп ешқашан,

Көз жасымен қыздардың санасқан емес тегінде... (Шынар Толқынова) - деген секілді күйініші мен сүйініші қатар айтылады.

Тілімізде **«Тағдырдың тезі», «Тағдырдың тауқіметі», «Тағдырдың жазуы», «Тағдырдың уын ішті», «Тағдыр жетті», Тағдырсыз тәбдік болмас», «Тағдыры шешілді», «Тағдырға тап болу», «Тағдыр қоспау» «Қатал тағдыр»** т.б. тұрақты тіркестер қалыптасқан. Бұлардың барлығы тағдыр алдындағы адамның дәрменсіз екендігін білдіретін тіркестер. Жалпы қарап отырсақ, **тағдырға қатысты фразеологизмдердің семантикалық- танымдық жағы бір-біріне жақын болып келеді.**

Сондай-ақ, осы мағына астарын жан-жақты толықтыра түсетін **«Тағдырға арыз айту», «Тағдырдың дегенін мақұл көру», «Тағдырдан таяқ жеу», «Тағдыр сызы сыздату», «Төмпешік болған тағдырлар», «Тағдырды тәрк**

ету» сияқты т.б. көптеген оралымдар поэтикалық мәтіндерде жеке авторлық, окказионал қолданысқа жатады. Демек аталған тіркестер, біздіңше, көп жағдайда адам баласының аянышты күйі мен мүшкіл халіне қатысты айтылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін өлең мәтіндеріне назар аударсақ:

Айнала көл, түп- тұнық дөңгелек,

Тағдырға тап болдың сен бөлек,

Барымды бағалай алмаған,

Өзіме сол керек, сол керек... (Есей Жеңісұлы)

Тағдырыңның дегенін мақұл көріп,

Бақиға бет түзедің...

Бақұл болып. (Алмат Исәділ)

Тағдырдан да таяқ жедім,

Қос танауым күнде қанап. (Алмат Исәділ)

Тағдырымды тәрк етіп...

Тағы қалдым

Тыраулатып сезімнің тырналарын (Айнұр Әбдірасылқызы)

Кейде ақындар тағдыр сөзін тікелей *жазмыш* сөзімен алмастырып қолданады. ЖАЗМЫШ діни АЛЛА маңдайға жазған тағдыр, бұйрық, жазу. [3.32 б.] Мәселен:

Жан шыдас бермес кәріне,

Жазмышқа жырым көнген жоқ.

Түсінген мені бәрі де –

Сезініп ешкім көрген жоқ...

(А.Әбдірасылқызы)

деген өлең жолдарынан ақынның **«Жырымды жазмышқа көндірмеймін, мен** деген сияқты ұғымды байқаймыз. Алайда, мұнымен сабақтас келетін ойлар көңілдің кейбір кездерінде ғана жазылады. Себебі, жалпы этнос танымында адам баласының өміріндегі сәтсіздіктердің көбі **«тағдырға байланысты»**. Мәселен, тілдегі **«тағдырдың жазуы»** дегенге келсек, адам баласы өз өміріндегі қиыншылықтың алдында дәрменсіз. Себебі, оған о баста дүниеге шыр етіп келгенде-ақ оның маңдайына болашақтағы өмірінде не боларын тылсым күш жазып қойған деген діни түсінік бар. «Тағдырға иман келтіру - иманның алтыншы тірегі. Алла Тағала барлық нәрселерді әу бастан тағдыр еткен және олардың өз алдындағы белгілі бір уақыттар мен орындарда болатынын білген. Бұл нәрселер Алла тағаланың тағдыр еткені бойынша орындалады» [3] Демек халық танымында «жазмыштан озмыш жоқ» деген түсінік о баста ақ қалыптасқан. Бұл түсініктің де ақындар өлеңінде болуы заңды. Мысалы: БҚылас Олжайұлының мына өлең жолдарынан: Бес күндік сәуле едім...

Ниетім сөйлесе, **Маңдайым жазады..**Әлемнің әр шөбі –Құдайдың кітабы, Құранның парағы... – дегеннен тағдыр ол - маңдайдағы жазу, жазмыш деген ұғымды аңғаруға болады.

Жалпы, кезіндегі ақын – жыраулар поэзиясын алып қарасақ та, қазіргі қазақ поэзиясын алып қарасақ та адам баласының «**тағдыр алдындағы шарасыздығын**» мойындап, оны үлкен парасатпен қабылдайтындығын байқаймыз. Мәтіндеріне назар аударсақ, тағдыр ажал, соңғы сапар сөздерімен де жиі тіркеседі Мәселен:

Үміт артқан үлкендер тіл тиді деп болжады,
Тағдырыңның ісі ме, белгісіз ғой ол жағы?

Ажал соңы **соңғы сапар** кезінде

Дүниенің қарайып кеткен дейді сол жағы
(Шынар Толқынова).

Тілімізде тағдыр сөзінің тіркесімділігі кең: тағдырлас, тағдырластық тағдырлы. Бұл жас ақындардың өлең мәтіндерінде көптеп кездеседі.

Сонымен қатар, «**ТӘЛЕЙ**» сөзі де тағдырға қатысты дүниелермен бірге айтылады. Тәлей сөзі жергілікті жерлердегі айтылу ерекшеліктерге қарай «**ТАЛАЙ**» болып та айтылады. ар.зат. Ауызекі тілде кейде, «Жазмыш» «Маңдай» сөздерімен синоним де болып келеді.

«Тағдыр» концептісін сөз еткенде оның когнитивтік құрылымдық деңгейіне назар аудару керек. Тағдыр абстрактілі дүние. Оның когнитивтік моделі ұлттық репрезентация мен мазмұндық репрезентациядан көрінеді. Ұлттық репрезентация бойынша: **Тағдыр - күдіреттің жазуы, жазмыш;** Мазмұндық репрезентация бойынша: **Адам еркінен тыс болатын оқиға барысы, түрлі жағдайлардың тоғысу салдары**

Тағдыр ақындар танымында өте бейнелі, жанды, суретті. Мәселен, метафораланған тіркестер: Жанай кеп тиіп, жығылтпа, **О, тағдыр – еке сүрмерген!, (? Авторын жаз)** Жаксы жанның **тағдыры таусылмайтын кітап** қой, жамандардың тағдыры жаза қалсаң бір – ақ бет... **(? Авторын жаз) Тағдырыңды түйсігіме түнелтсем... Көз алдымда тағдырым адасқанда, тағдырым бар тоқырлық тасқа баян** (Ұларбек Дәлейұлы)

Біз талдаған ақындардың логикалық танымында тағдыр кейде *қайғы, қасірет, өкініш, бақытсыздық* сәттерімен танылады. Тіпті тағдыр тәлкегінің шеткі нүктесі өмірден түңілу, өмір сүрудің мәнін жоғалту, іштей сары уайымға салыну, пәс күйге түсу жағдайларымен түсініледі. Мұны біз көңілдің кейбір кездерінде жазылған жырлар десек те, қаламгерлердің танымында тағдыр адамға берілген ауыртпалық, тылсым бір күш, уайым ретінде танылып, одан өмірлік құтыла алмай, соған мойынсыну мазмұнында танылады.

Біз қарастырған ақындар танымында **тағдыр**:

- өзгермейтін өмір заңы;

- алдын ала жазылып қойылған маңдайдағы жазу;

- тылсым күші мол бір әлем;

- жүйкені сыздататын сыз;

- адамның өмірі мен тұрмыс, тірішілігі;

- сынақтан тұратын өзгеше бір күш т.б.

- күдіреттің жазмышы;

- өмірдегі қателіктер;

- махаббатта жолы болмау;

- ажал т.б.;

Қорыта айтқанда, жас ақындардың тағдыр туралы лирикаларында жоғарыда талданған тағдыр концептісінің мазмұндық деңгейі әр қырынан танылады. Өлеңдердің мазмұны көбінесе «**тағдыр – маңдайдағы жазу, жазмыш**» моделіне құрылған.

«Тағдыр» концептісі – философиялық маңызды категориялардың бірі, күрделі ментальді объект. Сондықтан ол санада сан түрлі ақпараттармен репрезентацияланады. Дегенмен тағдырдың мәні адам ғұмырындағы барлық жағдайларды алдын ала пешенесіне жазып қоятын табиғаттан тыс күдіретті күш ретінде бейнеленеді. Ол жеке халықтың немесе бүкіл халықтың өміріндегі түрлі жағдайлар қосындысының көрінісі ретінде қолданылады. Жоғарыдағы талдауымыз да оның әмбебаптық құрылымын айқындап көрсетеді.

В статье рассматривается концепт "судьба" на материалах произведений казахских молодых поэтов.